

ӘОЖ 537.8
ҒТАМР 29.01.45

**ЖАҢА ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ФИЗИКА ПӘНІНЕН АРНАЛҒАН
ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ҮЛГІСІ**

А.Ж. Аманжолова¹, А. Амантай¹

¹*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ., ҚР*

**ФОРМА ИТОГОВОЙ ОЦЕНКИ ПО ФИЗИКЕ
НОВОЙ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЫ**

Аманжолова А.Ж. ¹, Амантай А. ¹

¹*СКГУ им. М. Козыбаева, г. Петропавловск, РК*

FORM OF THE FINAL GRADE NEW CURRICULUM IN PHYSICS A.ZH.A.

Amanzholova¹, A. Amantay¹

¹*NKSU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, KR*

Андатпа

Бүгінгі күні жаңартылған білім берудің негізгі міндеті—оқушыларды алған білімдерін тәжірибеде қолдануға үйрету.

Білім беру мазмұны жаңартылған сыныптарда бағалаудың жаңа жүйесі—критериалды енгізіледі. Сонымен қатар, жүйе оқушылардың өз жұмысын дұрыс бақылау және бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін өз бетінше анықтау және оларды жою қабілетін дамытады. Критериалды бағалау, өз кезегінде, формативті және жиынтық бақылыудан тұрады. Формативті бағалау оқушының дағдысының деңгейін анықтайды, бұл тоқсандық және жылдық әсер етпейтін аралық белгілер. Жиынтық бағалау материалдың белгілі бір блогын зерделегеннен кейін қорытынды баға қою үшін жүргізіледі. Бұл мақаланы қараудың өзектілігі, әзірленген тапсырмаларды және оларға бағалауды ұсыну.

Практикалық маңыздылығы физика пәні бойынша "Электростатика негіздері" тақырыбын жиынтық бағалай отырып, критериалды бағалауды көрсете отырып, физика сабақтарында оларды қолдану үшін балама ретінде қызмет ете алады.

Түйінді сөздер: жиынтық бағалау, критериалды бағалау, физика бойынша тапсырмалар, электростатика негіздері, жаңартылған білім, теория және физикалық заңдар, жиынтық бағалау, формативті бағалау.

Аннотация

На сегодняшний день основной задачей обновлённого образования – научить школьников применению полученных знаний на практике.

В классах с обновлённым содержанием образования вводится новая система оценивания – критериальная. Кроме того, система развивает у школьников способность адекватно контролировать и оценивать свою работу, самостоятельно выявлять причины возникающих трудностей и устранять их. Критериальное оценивание, в свою очередь, состоит из формативного и суммативного. Формативное оценивание определяет уровень навыков ученика, это промежуточные отметки, которые не влияют на четвертные и годовые. Суммативное оценивание проводится для выставления итоговой отметки после изучения определённого блока материала. Актуальность рассмотрения данной статьи, предложить разработанные задания и оценивание к ним.

Практическая значимость заключается в разработке примерных заданий для суммативного оценивая раздела по физике на тему «Основы электростатики», с указанием критериального оценивания, которые могут послужить как альтернатива для использования их на уроках физики.

Ключевые слова: суммативное оценивание, критериальное оценивание, задания по физике, основы электростатики, обновлённое образование, теория и физические законы, суммативное оценивание, формативное оценивание.

Annotation

To date, the main task of the updated education is to teach students the use of knowledge in practice.

In classes with updated content of education introduced a new system of evaluation – criteria. In addition, the system develops students' ability to adequately monitor and evaluate their work, independently identify the causes of difficulties and eliminate them. Criteria evaluation, in turn, consists of formative and summative. Formative assessment determines the level of skills of the student, it is intermediate marks that do not affect the quarter and annual. Summative evaluation is carried out to set the final mark after studying a certain block of material. Relevance of consideration of this article, to offer the developed tasks and evaluation to them.

The practical significance lies in the development of sample tasks for summative estimating section on physics on the topic "Fundamentals of electrostatics", indicating the criteria of evaluation, which can serve as an alternative for their use in physics lessons.

Key words: summative evaluation, criteria-based assessment, assignments on physics, fundamentals of electrostatics, updated education theory and the laws of physics, summative assessment, formative assessment

Kіріспе

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру қажеттілігі айтылған. Сонымен қатар орта білім беру мазмұнын жаңарту мектеп оқушыларының бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани– адамгершілік құндылықтарын, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру міндеттеріне тоқталған. Осыған орай Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік тәжірибесін кіріктіруге бағытталған.

Ұзақ уақыт бойы мектепте физиканы оқытудың негізгі мақсаты оқушыларға физиканың негізі бойынша терең де берік білімді қалыптастыру болып келді. Қазіргі кезеңде белгілі бір көлемде оқушыларға физикалық білімді қалыптастыру барысында оларды тәрбиелеп, дамыту мақсаттары тұр.

Физикалық теориялар мен заңдарды оқып үйрену, құбылыстар арасындағы себеп–салдарлық байланыстарды анықтау, нақты физикалық есептерді шешуге теориялық білімдерді қолдану оқушылардың логикалық ойлауын, олардың танымдық қабілеттерін дамытуда үлкен рөл атқарады.

«Бағалау не үшін керек» деген сұраққа дәстүрлі оқыту жүйесінде «оқушылардың білімін тексеру үшін» деген жауап алынады, өйткені мұнда бағалауды мұғалім тарапынан оқушының білім деңгейін анықтау деп қарастырылады. Осы тұрғыдан мұғалімдер өз әрекеттерін сабақта оқушылардан берілген сұрақтарына ауызша жауап алумен немесе тест қабылдаумен шектейді. Көптеген дамыған елдердің білім беру жүйесінде тың өзгерістер мен табыстылық мұғалімдер тәжірибесіне критериалды бағалауды ендіру және оны дамыту арқылы орындалады [1]. Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы (күнделікті мадақтау, видео, слайд, т.б.) және жиынтық бағалау (бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау, білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалау) болып ерекшеленеді [2].

Тоқсандық жиынтық жұмыстар әр түрлі болуы мүмкін (тест, сынақтар, бақылау жұмысы және т.б.) Жиынтық бағалаудың құрылымы берілген нұсқада көп таңдауы бар

тапсырмаларды, қысқа және толық жауапты сұрақтарды қамтитын 9 тапсырмадан тұрады [3].

Төменде ұсынылып отырған тарау бойынша іске асырылатын жұмыс жүргізу үлгісі:

Тапсырма түрлері:

КТБ – көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ – Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ – Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

IV тарау электростатика негіздері бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы – 40 минут Балл саны – 20

Кесте 1 Білім деңгейін анықтау


Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	№ тапсырма*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл	Бөлім бойынша балл
Электростатика	Атас және әр атас зарядтардың қасиеттерін ажырата білу	Білу және түсіну		1	КТБ	1	1	20
	Электр зарядын өлшейтін құралмен танысу	Білу және түсіну		2	КТБ	1	1	
	Біртекті электр өрісінің анықтамасын табу	Білу және түсіну		3	КТБ	1	1	
Атас және әр атас зарядтардың қасиеттерін ажырата білу	Шамалардың қайсысы потенциал айырымының өлшем бірлігі емес	Қолдану		4	КТБ	2	1	
Құралдармен танысып, қызметін түсіну	Құралдарға қысқаша сипаттама жасау	Білу және түсіну		5	ТЖ	5	3	
	Кулон заңы туралы толық түсінік алу	Білу және түсіну		6	ҚЖ	2	1	
	Электр өрісінің күш сызықтарының бағытталу себебін түсіндіру	Қолдану		7	ТЖ	5	5	

Кулон заңымен танысу	Электрсыйым дылық тақырыбына есептер	Қолдану		8	ҚЖ	10	3	
	Конденсатор тақырыбына есептер	Жоғарғы деңгей дағдыла- ры		9	ҚЖ	13	4	
Барлығы:			9			40	20	20

Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Физика» пәнінен 1– тарауға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары.

1. Аттас зарядты көрсетіңіз.




- A) а және б
B) а және ә
C) ә және б
D) а

[1]


1. Қай суретте электрометр көрсетілген.




a)



ә)



б)



- A) а
B) ә
C) б
D) а және б

[1]

3. Біртекті электр өрісі– бұл.

- A) күш сызықтары параллель болатын өріс
B) барлық нүктеде кернеуліктер модулі және бағыты жағынан тең болатын өріс
C) сынақ заряд тудыратын өріс
D) зарядталған денелердің әсерлесу күштері шамалары бойынша тең. [1]

4. Шамалардың қайсысы потенциал айырымының өлшем бірлігі?

- A) Н*м/Кл


В) Ф/Кл

С) Н/Кл


Д) Дж/Кл

[1]

5. Құралдардың атауын және қандай қызмет атқаратындығын жазыңыз.


Суреті	Атауы	Қызметі
		
		
		

6. Кулон заңының анықтамасын жазыңыз.



Кулон заңы— _____ [1]

7. 1) Суретте Электр өрісінің күш сызықтарының бағытталу себебін түсіндіріңіз.



а) _____ [1]

б) _____ [1]

в) _____ [1]

г) _____ [1]

2) Электр сыйымдылығының өлшем бірлігі _____ [1]

8. а) Сыйымдылықтары 6,0 және 9,0 пФ болатын шардың потенциалдары сәйкесінше $2,0 \cdot 10^2$ В және $8,0 \cdot 10^2$ В. Екі шардың қосынды заряды қандай?

ХБЖ– не келтіру _____ [1]

q= _____ Кл [1]

ә) Шарлардың түйіскеннен кейінгі потенциалын табыңдар.

$$\varphi = \underline{\hspace{2cm}} \text{ В} \quad [1]$$

9. а) Конденсатор сыйымдылығы 200 мкФ, астарлардағы заряд 0,005 Кл. Конденсатор астарларындағы кернеу қандай?

$$\text{ХБЖ-не келтіру } \underline{\hspace{2cm}} \quad [1]$$

$$U = \underline{\hspace{2cm}} \text{ В} \quad [1]$$

ә) Электр өрісінде қозғала отырып, электрон бір нүктеден одан потенциалы 1 В жоғары екінші нүктеге ауысты. Электронның кинетикалық энергиясы қаншаға өзгереді?

$$E_k = \underline{\hspace{2cm}} \text{ Дж} \quad [1]$$

б) Потенциалдық энергиясы ше?

$$W = \underline{\hspace{2cm}} \text{ Дж} \quad [1]$$

Қорытынды

Осы орайда Теодор Сайзердің «Баға беру және есепке алу – керемет мақсаттар. Білім алу үдерісіне кедергі тигізбейтін және біздің жан салып жасап жатқан ісімізге пайдалы да әділ баға беретін жүйе» – дегеніндей, қалыптастырушы бағалау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда мұғалім білім алушылардың іс-әрекеттеріне байланысты түсінік, ұсыныс т.с.с. бере отырып, жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз етеді.

Әдебиет:

1. Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериялды бағалау жүйесі . Әдістемелік нұсқау, 11– бет.
2. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» , 55– бет, 107– бет.
4. Б.М. Дуйсембаев, Г.З. Байжасарова, А.А. Медетбекова «Физика» 127– бет, 136– бет.